

Биологияны оқыту әдістері мен әдістемелік тәсілдері

Орындаған: Дженисбаева А.М.
Тексерген: Иманалиева М.Т.

Жоспары:

01

Кіріспе

- Оқыту әдістер туралы түсінік және олардың жіктелуі

03

- Сөз көрнекілік әдістер тобы
- Сөз көрнекі сарамандық әдістер


02

Негізгі бөлім


- Әдістер мен әдістемелік тәсілдер

04

Іздестіру және зерттеудің жалпы әдістері



дегеніміз оқытушының оқушының алдына қойған мақсатына жету үшін екі жақты іс-әрекеттері, яғни мұғалімнің білімді беріп, сол бір мезгілде оқушының білімді қабылдауы.




Бұл анықтамада әдіс екі жақты ұғымды қамтып тұр. Білімді беруші мұғалім және білімді алушы, қабылдаушылар оқушылар.




01 Оқыту әдісі

Бұл арадағы байланыс білім көзіне тікелей байланысты. Білімнің көзі оқу процесіндегі оқу материалының мазмұнымен анықталады.



Практикада биологияны оқытуда әртүрлі әдістерді қолданамыз.



Осы үш белгі бір-бірімен тығыз байланысты.

Сондықтан осы үш белгіні бөліп қарастырмай, әдістерді классификациялауда негіз ретінде аламыз.

Сонда оқыту ұстаздың білім беру әдістерінен тұрса, ал екінші жағынан оқушының білімді игеру, қабылдау қабілеттіктер жиытығынан тұрады.

Оқыту әдісін барлығын көптеген белгілері бойынша біріктіріп жинақтауға болады. Білім көзі, мұғалімнің іс-әрекеті, оқу процесіндегі оқушылардың іс-әрекеті.

Сабақ беру әдістері ертеден бері қалыптасқан әдістегі ең басты мақсат оқушыға білім берудің ең ұтымды үрдістерін табу, іздеу.

Олар негізінен:

практика

көрнекілік

сөз, әңгіме

оқулықпен
жұмыс
техникалық
жүйелерді
пайдалану

Оқушылардың жас ерекшелігіне және тақырып мазмұнына байланысты оқушыға сабақ беру әдісін таңдау жоғары сапалы білім негізін салады. Бұндай әдістер ұғым және дағды дамуына, дұрыс білім алуға және тәрбиеге мүмкіндік береді. Мұғалім сабақ беру әдісін орындап, қолдана білуі тиіс. Онсыз алға қойған мақсатына жете алмайды. Ол үшін мұғалім оқу материалын пәннің мазмұнына сәйкестендіріп, әрі оқыту әдісін дұрыс таңдау тиіс.

Әдістер


Практикалық	Көрнекілік	Сөз	Оқулықпен жұмыс	Техниканы қолдану әдісі
Эксперимент бақылау объектіні тану және анықтау	Демонстрация, иллюстрация, бақылау	Әңгіме түсіндіру әңгімелесу дәріс	Оқу зерттеу жеңілшағу қарау рефераттау, компьютерлеу , мазмұндау	Техниканың құралдар арқылы жаттығу, көру, бақылау қорытынды.



Сабақты өткізу процесінің жүйелік кезеңіне байланысты топтастыру әдістері

- білімді игеру
- шеберлігімен дағдысын қалыптастыру

- білімді іс жүзінде қолдану
- шығармашылық қызметі

- алған білімін бекіту, баяндау
 - білімін, шеберлігін, іскерлігін тексеру.
- 

Танымдылық іс-әрекетіне байланысты сәйкес топтау

- ❖ бейнелеу арқылы түсіндіру
- ❖ проблеманы мазмұндау

- ❖ зерттеу
- ❖ репродуктивті

Егер танымдық іс-әрекеті тек мұғалімнің көмегімен іске асырылса және дайын материалды ғана, қайталаса онда оқушының ойлау белсендігі төмен екенің көрсетеді. Ал, оқушының ойлау қабілеті жоғары болса, оқушы өз бетінше ізденіп, табысқа жетіп отырады.

1. Бейнелеу арқылы түсіндіруін басты мәні

а) оқушыға білімді
дайын күйінде
ұсынады.

б) оқушыны дұрыс түсіну үшін
мұғалім әр түрлі тәсілді
пайдаланып, оқу процесін
ұйымдастырады.

в) оқушы білімді қабылдап
және есте сақтайды.

2. Репродуктивті әдістің басты белгілері:

А) білімді оқушыға «дайын» күйінде беру;

Б) мұғалім түсіндіріп әрі әңгімелеп береді;

В) оқушы оны саналы түрде ұғып, түсініп, есінде ұстайды.

Оның критериясы- оқушының дұрыс жауабы.

3. Проблемалық ізденіс оқыту әдісі



Оқу процестерінің кейбір кезеңдерінде оқушы кейбір проблемалық мәселелерді өз бетінше шешуге мүмкіншіліктері болмайды, сондықтан мұғалім бір жүйелілік бағытпен оқушыларды өзіне тартып, олардың белсеңділігін арттырады.

4. Зерттеу әдісі бойынша

а) белгілі бір уақыт арасында бір проблеманы анықтап, оны шешуде оқытушымен оқушы бірге жүргізеді.

б) Оқушы проблема жайлы білмеуі керек әрі оны өз бетінше шешуі тиіс. Оны шешу жолын оқушы өзі қорытындылайды.

в) Зерттеу нәтижесі болса білімнің тереңділігі, нақтылығы айқын көрінеді.

Сөздік әдіс

Сөздік әдіске мына түрлер
жатады:

Әңгімелесу

түсіндіру

әңгіме

баяндау

дәріс

Әңгімелесу

сұрақтарға оқушылар мен мұғалімдердің жауап беруі.

Мақсатты әңгімелесу сұрақтан туындап, оған жауап берумен анықталады. Әңгімелесудің нәтижесінде оқушылар мұғалімнің басшылығымен қорытынды жасап, шешімге келеді.

Әңгіме оқушылардың білмейтін оқу материалынан болмау керек. Бұл бос уақыт өткізу. Әңгімелесу қорытынды, қайталау, жаңа сабақта өткен білімді жаңа біліммен байланыстыруда маңызды.

Әңгіменің индуктивті құрылымы бірнеше ұқсас объектілер немесе құбылыстарды оқығанда құрылады. Егер материал оқушыға белгілі немесе түпкілікті белгісіз болса, негізі белгілерден дәлелді, фактілерді табуда әңгіменің дедуктивті құрылымы түзіледі.

Мысалы, гүлді өсімдіктердің тұқымда тұқымдасты сарамандық жұмыста әңгімелесу түрлері. Әрі қарай 3-4 тұқымдасты оқу ол дедуктивті. Яғни тақырыпты алғашқы түсіндіруде индуктивті әңгімелесу әрмен оқу материалын қорытындылауда дедуктивті әңгіме жалғасады.

Әңгіме

биология сабағында құбылыстарды, процестерді, жаңалықтарды ашылу тарихын, ғалымдардың өмірін айтқанда қолданады.

Ол әңгіме педагогикада сөздік, көрнекілік образға ие. Әңгімеде индуктивті болады. Фактілерді қарастырғанда, ал фактілерді қорытындылағанда дедуктивті болады. Әңгімедің түсіндіру ерекшеленеді.

Түсіндіру

оқу материалының мазмұны қорытындысын айтуда, дәлелдемелерде қолданылады.

Дәріс

Дәріс кезінде мұғалім оқушыдан сабақ сұрайды, үй тапсырмасын тексереді. 10-11 сыныптарда оқу материалдарының қиындығына байланысты әр түрлі сөздік әдістер қолданылады. Олар бір бірімен байланысты.



Мысалы, әңгімелесу-әңгіме, әңгімелесу, дәріс, әңгіме-дәріс кезінде оқушылар сабақтың негізгі сұрағын түсіну керек.

Мұғалімнің сұрағы оқушыға негіз ретінде көмекші немесе олардың оқушыға негіз ретінде көмекші немесе олардың осыған дейінгі білім деңгейін тексеруде сол сұраққа оқушының өздерінің жауап беруін сұрауға да болады.

Сонымен қатар жаңа материалды түсіндіруде мұғалімнің алдын-ала беріп қойған тапсырмасы тірі табиғи бұрышты бақылау, тәжірибенің нәтижесін жазғы тапсырмасының қорытындысын, оқу тәжірибелік аймақтағы құмысын балалардан әңгімелік беруін сұрау оқушылардың ойлауына мүмкіндік сабаққа қызығушылығын арттырады.

Тіпті оқылған кітабы бойынша реферат оқытуға да болады. Мұғалім әдістің түрлерін пайдалануда оқушының сөйлеу мәнеріне аса назар аудару керек. Олардың жүйелі, нақты сөйлеуін қадағалаған жөн.

Оқушылардың өз ойын айтуға мүмкіндік беріп, қорытынды шешімді өздеріне айтқызған тиімді. Ал, баяндамашылар қысқа, нақты айтуы керек.

